

Оңалбек СӘПИЕВ



Ерте ағарған
шашым куә

Оңалбек СӘПИЕВ

Ерте ағарған шашым куә

Ұлттың мақтанышы,
Ұлттың баянаты аз-
жантас үлесім

О. Сәпиев -
23.04.05ж.

“Елорда”
Астана - 2002

ББК 66.2 (0)

С 28

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ


Сәпиев О.

С 28 Ерте ағарған шашым куә

– Астана: Елорда, 2002. – 272 бет

ISBN 9965-06-205-6

Кітапта белгілі саясаткер, қоғам қайраткері Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Оналбек Сәпиевтің өмірден, толғауы тоқсан тіршіліктен көңіліне түйген ой-пікірлері, ел мен жер тағдыры, қанаттас, қызметтес болған дос, жолдастары жайлы тебіренген толғанысты жазбалары топтастырылған.



С 0801000000-209
450(05)-02

ББК 66.2 (0)

ISBN 9965-06-205-6

© О. Сәпиев, 2002

© “Елорда”, 2002

АДАМДЫ ТАЛУ — АРДЫҢ ІСІ

(Беташар)

Соңғы төрт-бес жылдан бері Оңалбек Сәпиевпен бір ұжымда, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінде қатар қызмет атқарып келеміз. Парламент депутаттарының қай-қайсы да өмірдің үлкен жолынан өткен, зор тәжірибе жинақтаған адамдар екендігі белгілі. Сол сияқты Оңалбек Сәпиев те шаруашылық, комсомол, совет, партия жұмыстарында қатардағы қызметтен басшылық деңгейге дейін өсіп, елі үшін аянбай еңбек еткен азаматтардың бірі. Оның Сенат депутаты болып сайлануының өзі осындай ел сенімінің белгісі.

Парламент депутатының жұмысы оның жалпы отырыста ғана сөз сөйлеуімен шектелмейді. Кез келген құжат жалпы отырыстың күн тәртібіне кіріп, қарауына жеткенге шейін талай-талай талқыға түсіп, комитеттерде сан рет сарапқа салынады. Міне, депутаттардың өмірлік тәжірибесі мен білім-білігі осындай көпшіліктің назарына түсе қоймайтын бас қосуларда барынша жарқырай көрінеді. Заң жобасының әр бабы мен тармағы үшін болатын комитет отырыстарындағы қызу пікір-талас, әріптестеріңнің алдында өз пікірінді негіздеп беру мен екіұдай пікірлер туған шақтағы иланымды сөзінді ұстанып, ұтымды ұсыныс жасау — Парламент депутатынан жан-жақты білімді, заң жобасының өмірмен үйлесімін алдын ала сезе алуды, ең бастысы осы құжаттың халық тұрмысына қандай пайдасы бар деген ақиқатты аңғара білуді талап етеді.

Өз басым осынау елдің бірлігі мен тұтастығы, халықтың әлауқаты мен тұрмыс дәрежесі, ұлттық салт-дәстүрлер мен ана тілінің болашағына байланысты туындайтын күрделі мәселелерде әріптесінім Оңалбек Сәпиевтің сөздеріне ерекше мән беремін, ынтыға тыңдап, ықылас қоямын. Өйткені оның қазақтың қасиетті қара сөзін жеріне жеткізе айтатын шеберлігі, қанатты сөздерді қосып, пікірін ұдайы ұлт тынысымен байланыстыра баяндайтыны бек ұнайды. Әсіресе, өзіне сенім білдіріп, Сенат депутаты етіп сайла-

ған Сыр бойы жұртының мұн-мұқтажына, Арал тағдырына тетелес толғаныстары, уәжді ойлары мен орынды ұсыныстары әріптестері тарапынан да қызу қолдау тауып жүр. Сөйтіп, ол Парламент қабырғасында өзін көнігі саясатшы, ел таныған қоғам қайраткері ретінде көрсетуде.

Сондықтан да оның осы кітабына арнап жазған “Шыным да, сырым да осы...” деген толғанысындағы “бүгінде халық қалаулысы атанып, тәуелсіз мемлекетіміздің Парламенті Сенатының депутаты болуым да елімнің, халқымның маған деген ықыласы мен тілеуінің арқасы деп те білемін. Жас мемлекетіміздің, халқымның бұл қызметте маған тапсырған аманаты да әрқашан өзіме зор жауапкершілік жүктеп, ел сенімінен шығуға итермелейтінін жақсы сезінемін. Сондықтан да осындай ел жүгін арқалаған мемлекеттік зор жауапкершілікпен қоса, замандастарым мен соңымдағы жастарға айта жүрер, есінде болар деген ойым мен өзімнің әр кезеңдердегі қозғаған келелі сөздерім мен мәселелерімді, көңілге түйген ой-пікірлерімді, ел мен жер тағдыры, көз көрген қанаттас, қызметтес болған дос, тұлғалар жайлы серпіліп, іштегімді жайып тастауды жөн көрдім” деп тебірене жазуының ешбір жалғандығы жоқ. Бұған осы кітаптағы жүректен шыққан әр сөзі куә.

Өйткені Оңалбек Сәпиев – “Сенаттағы сәттеріне” жеткенше “Толғауы тоқсан тіршіліктің” сан алуан соқпағынан өтіп, ел өмірінде болған күрделі кезеңдерді, тәуелсіз ел болып, жаңа мемлекеттігіміз қалыптасып жатқан күндерді бастан кешірді. Осы өмір сапарында талай жандармен араласып, қызметтес болды, өміртанудың зор оқулығынан білім алды. Сондықтан да оның ел мен жер туралы толғануы заңды, тұлғалар хақында тебіренуі жарасымды.

Өз басым Оңалбек қаламынан туындайтын дүниелер бұл кітаппен шектеліп қалмас деген ойдамын. Себебі оның өзгеге көп ұқсамайтын дербес жазу мәнері, ана тілінің барша байлығына тереңдеп бойлаған зор қабілеті, туған елінің болашағына деген шексіз перзенттік сенімі, ең бастысы – адамды тануды ардың ісі деп білетін азаматтық қасиеті әлі талай туындыларға жол ашатынына сенімдімін. Осынау адамтану сапары сәтті болсын!

Жабайхан ӘБДІЛДИН,
ҚР ҰҒА академигі,
философия ғылымдарының докторы, профессор,
Парламент Сенатының Халықаралық істер, қорғаныс
және қауіпсіздік комитетінің төрағасы

ШЫНЫМ ДА, СЫРЫМ ДА ОСЫ

(алғы сөз орнына)

Құрметті де қадірлі оқырмандарым!

Өмір — кітап дейді көнекөз қариялар. Шынында да, өткеніміз бен бүгінгі өмірімізге ой жіберіп, оны көкірек көзінен сүзгілер болсақ, не істедік, не қойдық деген сауалға жауап беруге тура келеді екен. Өмір есебі!.. Оны кімге, қалай береміз деген де сұрақ кесе көлденеңдейді тағы... Бәлкім, баз біреулер өзін көрсету не көтермелеу үшін есеп берер. Ал мен өзімнің көңілге түйген ойларымды еліме, халқыма, дос-жарандарыма, жастарға сыр етіп айтсам ба екен деген ойға бекінген сыңайлымын. Бұл менің өзімнің көптен көкейде жүрген, жүрегімнің тереңінде жатқан, айтсам ба деген ниеттен туған жазбаларым еді... Мұны мен осы өзімнің ілгері-кейінді, қанаттас замандастарыма арнадым.

Өміріме ой жіберіп, жүрек талқысына салып, тағы да бір ой таразысына салсам, мен де біраз өмір өткелінен өткендей екем. Құдайға шүкір, бойға берген қуат пен білімнің арқасында қырық жыл бойы еңбегімді елге арнадым. Ауылда шопан таяғынан бастап шаруашылық, комсомол, совет, партия жұмыстарында қатардағы қызметтен басшылық деңгейге дейінгі өткен жолдарым — мен үшін ұмытылмас сәттер.

Ал бүгінде халық қалаулысы атанып, тәуелсіз мемлекетіміздің Парламенті Сенатының депутаты болуым да елімнің, халқымның маған деген ықыласы мен тілеуінің арқасы деп білемін. Жас мемлекетіміздің, халқымның бұл қызметте маған тапсырған аманаты да әрқашан өзіме зор жауапкершілік жүктеп, ел сенімінен шығуға итермелейтінін жаксы сезінемін. Сондықтан да осындай ел жүгін

арқалаған мемлекеттік зор жауапкершілікпен қоса, замандастарым мен соңымдағы жастарға айта жүрер, есінде болар деген ойым мен өзімнің әр кезеңдердегі қозғаған келелі сөздерім мен мәселелерімді, көңілге түйген ой-пікірлерімді, ел мен жер тағдыры, көз көрген қанаттас, қызметтес болған дос-тұлғалар жайлы серпіліп, іштегімді жайып тастауды жөн көрдім.

Айта берсең ой да, сөз де көп. Оның бәрі бір ауыз сөзіңмен де, бір кітабыңмен де таусыла қоймайды. Дегенмен де көңілге келген алғашқы ой-лекті бір серпілтіп тастаған дұрыс шығар-ау деп шештім. Бұл жазғандарым — алдымен өз-өзімді тағы бір танып-білу. Адам өзіне өзі де бір есеп беріп қою керек қой...

Шүкір, қазір заман жақсы, ел аман, жұрт тыныш. Еліміз еңсесін түзеп, жарқын болашаққа бет алып келеді. Бүгінде өзім ел аманатын артқан Сенатор деген құрметті атқа ие болғандықтан алдымен мені әрқашанда мемлекетіміздің мәртебесі, халқымыздың жағдайы, елдің жан-жақты толғақты мәселелері ойландыратыны рас. Сондықтан халық алдындағы өз парызымды ақтау үшін, елдің азаматы ретінде ештеңеден де, ешкімнен де жасқанбай, айтарымды айтып, көтеретін мәселелерімді жеткізіп, істі оң нәтижесіне жеткізу керектігін бірінші ар-намысым деп санаймын. Оның ішінде әсіресе, қазақ елінің, оның тілі мен ділі, мәдениеті мен рухани саласы, ұлты қазақ баласының ертеңгі болашағы өзімді қатты толғандырады, өзегімді өртеп, жүрегімді езеді...

Міне, бұл жазбаларымның алғашқы тарауын осы “Сенаттағы сәттерімнен” бастауым да бекер емес. Мемлекетіміздің, елдің, халықтың тағдыры бүгінде Парламент билігінен бастау алса, соның бір шетінде өзімнің де жүргеніме шүкіршілік ете отырып, аз да болса бір ауыз сөзімді, ұсынысымды өткізіп, қандай үлес қосып келе жатқанымды оқырмандарым өздері бағалар.

“Толғауы тоқсан тіршіліктің” біз де талай сүрлеуінен өттік. Өзім сияқты талай замандастармен қоғамымыздың небір күрделі кезеңдерін бастан өткердік. Екінші тарау-

да айтылған ойлар бұдан бұрын баспасөзге жарияланған дүниелерімнен жинақталған десе болады. Замана талабына, қызмет бабына сай кезінде біраз мақалалар жазып, тілшілерге де талай сұхбат берген күндеріміз аз болмапты. Қарап отырсам, бұл дүниелерім де оқырмандарға ой салар өзімнің сол кезі келгенде бір шешіліп, жазып, айтып тастаған күндерімнің белгісі сияқты, бұлардың бүгінгі күннің де көкейкесті мәселелерінен шет тұрмағанын сеземін.

Қызмет жолын бәріміз де ауыл, ауданнан бастап, облыс, республика деңгейіне шықтық. Мұны әсте ұмытуға болмайды. Өз басым қай қызметте жүрсем де елдің қамын ойлап, елдің үлгі етіп ұстар абзал да ақиық азаматтарын әрқашан құрмет тұттым, тұтып та келемін.

Ұлтымыздың тілін көксеп, өнерін өрге сүйреп келе жатқан азаматтарды әрқашан айналып кетпесең болмас па?! Әйтеуір өзім оларға қашанда жақынмын. Ел өнері мен өнерпаздарды біз қолдамасақ кім қолдайды? Иә, кезінде де, бүгінде де қолдан келген көмегімді ешкімнен аянбаппын. Ләйім, кім-кімге де істеген жақсылығым алдымнан қайтатынына сенімдімін. Соған орай осындай істерімнің де бір пұшпағымен өздеріңізді таныстыра кетуді жөн көрдім.

Ел тарихы - жөні бөлек, терең де тағылымды әңгіме. Ал иісі қазаққа қорған да ақылшы болған, ақын һәм әнші, әрі басшы, әрі қайраткер тұлғаларымыз жайлы көңілімде жүретін бабаларымыз бен ағаларымыз, бүгінгі замандастарымыз жайындағы бірауыз сөзім мен ішкі сипаттамамды ұдайы айта жүруші едім. Сол ризашылық лебізімді осы жолы жайып салмасам болатын емес сияқты.

Иә, адам өмірінде не болмайды... Кейде өз-өзіммен отырып қиялға берілемін, ойға шомамын. Сондайда өмірдің, қоршаған ортаның кейбір түйткілдеріне мән беремін, қайдағы мен жайдағы ойға оралады. Бір ой ұшқындары пайда болады. Сосын сол ойларымды қойын дәптеріме түсіремін, оған күнделікті өмірден туатын ел мен жер, саясат пен ұлт, тіл мен діл, заң мен сана, әрбір адам жай-

ында зейінге түскен үзік-үзік сырларымды жеткізгендей боламын. Мұны да оқырмандарым, өздері түсініп, өздері қорыта жатар...

“Бұл дүние ойлап тұрсам шолақ екен,

Адамдар бір-біріне қонақ екен...” дейтін осынау халық сөзінде де үлкен бір өмірлік философия ұғымы жатқандай көрінеді маған. Бұл өмірімізде кейде “жалған дүние” деп мойынсұнбайтынымыз да бар. Мүмкін солай да шығар. Қалай болғанда да, өмірге келмек бар, өмірден өтпек бар. Талай азаматтармен дос-жолдас болдық, сырлас та болдық. Маңдайға жазылған тағдырдың жазмышымен бұл дүниеден ерте озған талай жан жолдас, асыл азаматтар болып еді-ау... Солардың аруағы әрқашан жадынды жаңғыртып жүреді. Сондай азаматтардың да рухтарын еске ала кетуді парыз санадым.

Әрине, бұл өмірде көңілге түйген ой жетерлік. Ал оны оқырмандарға жеткізудің өзі оңай емес. Кім қалай қарайды, не дейді деген кірбің ойдың да келетіні рас. Бірақ, өзім мұндай ойдан тазамын. Өйткені, осынау тірішілік жолында адамдардың бәрі-бәріне жанымның тазалығын, көңілімнің ақтығын ғана көрсетіп келе жатқан сияқтымын. Қанға сіңген қасиет сол — әлі де барша жұртқа шынайы ықыласымды арнай бергім келеді. Ойдағы сана, жүректегі сезім өмірлік парасат пен ұлттың адамгершілігін асқақтату жолындағы ынта-ықыласымнан туып отыр, қадірлі оқырмандарым!

“Жүрегім, жырым сенікі” деп ақын жырлағандай, менің де сырым-үнім, ықыласым-ынтығым, ойым-ниетім — осы кітаптың ішінде. Сол сырымды, сол шынымды қабыл алсаңыздар, еңбектің еш болмағаны деп білемін.

Ізгі ниетпен,

Оңалбек СӘПИЕВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының депутаты

Бірінші тарау

СЕНАТТАҒЫ СӘТТЕРІМ

Парламент – рухыңды жаңғыртып, айналаңа күн сыйлай алмасаң да, жылу сыйлайтын таза, мәртебелі орын, кеңінен пікір алмасып, заң қабылдайтын, кісілігі мен кішілігі қатар жүретін мемлекеттік мекен, табандылықты, ыждаһаттылықты, білімділікті талап етіп, Отанымыздың ұлы мақсаттарын қабыстыратын қызу жұмыстың ордасы. Ойланған адамның, ойлы адамның мұндай шаңырақтан сірә, алары да аз болмаса керек! Қоғам өміріне етене араласып, бағалы тәжірибе жинақтайсың, өмірге үңілесің, бойың мен ойың толып, өсіп, биіктеп қаласың...

1. СТЕНОГРАММА СӨЙЛЕСЕ...

1998 жылғы 3 маусым

(“Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы” заң жобасын жалпы отырыста қарау кезінде Бас комитет атынан қосымша баяндамашы ретінде)

Құрметті Төраға! Қадірменді әріптестер! Құрметті қонақтар! Назарларыңызға ұсынылып отырған заң жобасының түпкі мақсатын, мәнін, мазмұнын, мүддесін егемен еліміздің күнделікті өміріндегі, тарихындағы алатын орнын, құқықтық мәртебесін, жұмыс істеуінің ұйымдық са-

яси және экономикалық негіздерін Жалыбин мырза жан-жақты айтып өтті.

Мәселені ежіктеп, оның мазмұнын қайталап, жіліктеп, безбендеп сіздерді мезі етуден аулақпын. Тек, айтарым, асқарды қаншама аласартқанымен, ол бәрібір кішіреймейді. Қайта төменге қарап, өз өлшемін, өз бағасын өзі танып, бір қалып биіктей түсетіні әу заманнан белгілі жайт.

Алматы қаласы да біздің мемлекет үшін, сол қала түгілі Қазақстанда туған, тұрған, қызмет атқарған әрбір көзі ашық зиялы азамат үшін сондай бір заңғар, мәртебесі ерекше қала. Сонысымен де бәрімізге ыстық, сонысымен де қымбат. Бұл таласы жоқ шындық. Әсіресе, Алматыда білім алған, аз да болса дәм-тұзын татып, талай додаға түскен әр пенде үшін бұл қала керек болса, қарашаңырақ. Сосын да олардың Алматыға ең болмаса бір бүйрегiнiң тартпауы, тіпті де мүмкін емес.

Сондықтан да, қадірлі әріптестер, бұл заң жобасына таза көңілімен, шын ықыласпен, бақырлыққа ұрынып әр нәрсені қазбалай бермей, байыппен, парасаттылықпен қарап, өздеріңізге таратылып берілген салыстырмалы кестені аса бір түсіністікпен талқыласаңыздар деген өтінішім бар.

Рақмет.

Төраға. Рақмет. Міне, мәселе қайда жатыр. Қандай сұрақтарыңыз бар? Жоқ па? Онда, баптарды дауысқа салуға көшеміз.

* * *

Құрметті Төралқа!

Құрметті Парламент және Үкімет мүшелері!

Баршаңызға белгілі, дүниенің жұмбағы көп, өмір де соның бірі, жолай кездесетіндердің бәрі де өтеді де кетеді. Рас, өмірдегі ақиқат пен әділдікке бәріміз де жүгінеміз. Себебі, әділдік — жақсылық біткеннің төресі,

оған тек ақиқат арқылы ғана жетесің, ал оның жолы қашан да ауыр. Күнделікті күйбең тірліктің шылауында жүріп өтіп кеткен “өттеген-айды” кеш мойындайсың.

Менің бұлай таусыла сөйлеуіме арқау болған өзекті мәселе – Алматы қаласының ертеңгі ахуалы. Рас, бой тасалап, үндемеуге де болар еді, әрі жалпақшешейлігім де емес. Шыдамадым, өйткені Мәжіліс мақұлдаған Алматы қаласы туралы белгілі Заңның жобасы Сенатқа келгенде, жұмыс тобына жетекшілік ету маған жүктелген болатын. Бүгінгі менің тікелей мүдделілік танытып сөйлеуіме себеп болып отырған да осы жайт.

Иә, Заң қабылданар кезде араға аз-маз ши жүгіргенімен, пенделік қылықтан, кінәмшілдік мерезден бойын аулақ ұстаған қос Палата ауызбіршілік көрсеткен болатын. Нәтижесінде, көңілге қонымды, алматылықтарды жұбатарлық заң да қабылданған болатын. Бұған да тәуба дескенбіз. Дей тұрғанмен, астана деген мәртебенің Ақмолаға ауысқанынан кейін, Алматының ендігі тағдыры қалай болар екен деген ел күдігі сейілді ме, үміттері ақталды ма? Әй, қайдам, өйткені бұл күмәнімді өткен сенбі күнгі 6-бапты талқылау барысы байқатқандай, әрбіріміздің жеке аймақтың хал-жайын күйттеп, қу дүниенің құрығына түсіп кеткеніміз анықталды. Мұны мойындағанмыз абзал. Себебі, егемендігіміздің бесігі, талай-талай ғұлама жампоздарды тәрбиелеген, қандай ілтипатқа да лайықты Алматының назарын соншалықты бәсеңдетіп, жүрегіне дақ түсіріп, көңілін суытуға оның не жазығы бар еді?! Көне тарихтың тірі куәсі – Алатауға тіл бітсе, не деп уәж айтар едік? Әбділдин ағамыздың жан айқайын да, Шер қарындасымыздың шырылын да елеп, ескермедік. Жүйкелері әбден жұқарған Үкімет мүшелері де, көрші ауылдан құдалыққа келген мырзалар секілденіп, құлаққа ұрған танадай, ләм-лим деп жұмған ауыздарын ашпай сазарып, мелшиді де қалды.

Алматының бүгінгі қадір-қасиетіне куә біздер, оның алдында Республиканың бас қаласы болған Ақмешіт сияқты оның ертеңгі қиыншылығын, тіпті қасіретін көрме-

уімізге кім кепіл, біздің бүгінгі рухани олқылығымызды ертеңгі ұрпақ бүтіндей ала ма? Саяси белсенділігіміз дұрыс, десек те, адами, азаматтық, зиялылық қасиетіміз қай қалтамызда бой тасалады, ертең “ел ерге қарайды, ер жерге қарайдының” кебінін кимейміз бе деген күдік, орынды сауалдар осы залда отырған ниеті түзу, таза ықыласты біраз әріптестерімнің де ойларын торлағаны маған мәлім, түсінікті.

Шынтуайтына келсек, мен өзім Алматыда туған да, тұрған да, оқыған да емеспін — анда-санда қызметтік сапармен келіп-кетіп дәмін татқаным болмаса. Ал осында отырған көпшілігіміздің осы қалада тәлім-тәрбие алып, үйлі-баранды болып, ретін тауып талай тояттағандарыңыз да басы ашық ақиқат — оған Алматының айы да, күні де куә.

Токетері, асқарларды аласарту айып, соған орай ұсынысым:

біріншіден, 6-бапқа қайта оралсақ;

екіншіден, мемлекеттік салықтардан түсетін түсімдердің жалпы сомасы Алматы қаласы үшін 28,2 процент болып белгіленсін. Рас, бұл мәселелер келісім комиссиясына жіберілген. Бірақ қазір шешетінді неге кейінге қалдырамыз? Ең болмаса, арымыз таза, иманымыз кәміл болсын. Сондықтан осы екі мәселені кезегімен дауысқа қоюды сұраймын;

үшіншіден, сылтаудың саны жоқ, әр нәрсенің де шегі бар, осы мәселені түбегейлі шешу үшін Үкімет қазір нақты жауабын берсін.

Рақмет.

1998 жылғы 26 маусым

(Қазақстан Үкіметі мен Швеция Корольдігі Үкіметінің арасындағы конвенцияны бекіту туралы Заң қаралғанда)

Құрметті Төраға! Құрметті әріптестер! Мына әріптесім Сейдуалиевтің осыншама бүгінгі қызу әңгімені

бастауы өте қуантып отыр. Азаматтылық, біліктілік, өзінің ана тіліне деген жан ашырлығын көрсетіп отыр. Мен толық қуаттаймын.

Әріптестерім айтып жатыр, бұл әбден жауыр болған мәселе деп. Айтуымызда, меніңше, кемшілік жоқ, бірақ, балтамен кесуге еш уақытта біздің күшіміз оған жетпей қойды. Бір емес, екі емес келісімпаздыққа барамыз. Әр отырыс сайын осындай әңгіме болып жатады. Жақын арада әріптесім Жандар Кәрібайұлы да осы жөнінде өте жақсы айтқан болатын. Келген Заң жобаларының барлығының да қазақшасын оқуға ұяласың, кейде.

Менің жаңа әріптесім Бөлтаев айтқандай, мына Заңның жобасы корей тілінде, ағылшын тілінде, қазақ тілінде жазылған екен. Сонда, қазақ тілінде дайындаған (сол қол қоятын кездегі) азаматтардың өздерінің біліктілігі, қазақ тіліне деген жан ашырлығы, білімділігі болмаған-ау деген ой келеді. Ал, сондай азаматтарды сол жаққа апарып, неге солай жаздырған? Әлде, Қазақстаннан қазақ тілін білетін бір азаматты (Сыртқы істер министрлігі ме, басқасы ма), алып баруға болмады ма?

Сондықтан, мен әріптестеріме қосыламын. Біз бір рет те болса Заңды қайтаруымыз керек. Сыртқы істер министрлігіндегілер ойлануы керек.

Екінші, Өмеке, өте дұрыс айттыңыз. Мен Сізді толығымен қуаттаймын. Оның үстіне жаңа әріптесім Қаюпов айтқандай, мұны ресми түрде Президентке жеткізу керек. Балта кесу керек. Жетеді. Егер де біз осы жерде отырып ана тілімізге жанымыз ашымаса, мемлекеттік тілге жанымыз ашымаса – кімнің жаны ашиды?

...Құрметті Төраға, бір ауыз сөз. Малды асылдандыруға құзырымыз жетеді, ал мемлекеттік тілдің тазалығын сақтауға күшіміздің жетпейтіндігіне қарным ашады. Осы жайт – назарларыңызда болса екен деген өтінішіміз бар. Рақмет.

1998 жылғы 23 қыркүйек

(“Неке және отбасы туралы” Заң жобасын қараған кезде)

Мынау өзі біздің деңгейдегі азаматқа Тәуке ханның “Жеті жарғысы” болды ма, жоқ па деген сөзге күдік туғызу ыңғайсыз деп білемін. Бұл – біріншіден.

Екіншіден. Ауыр да болса айтайын, қазақта: “Жеті атасын білмеген” деген сөз бар. Ауыр сөз. Ол сөз тектен-тек шыққан жоқ. Ал бұл жерде ешқандай басқа ұлттың арына тиетін ешқандай сөз жоқ. “Национальная норма родства” деген, айталық “қазақтың национальных”, “орыстың национальных”, “еврейдің национальных”, “өзбектің национальных” нормасы болып кете береді. Өз еркімен әрқайсысының. Сондықтан бұның қандай ыңғайсыздығы бар осы жерде? Бұл – демократиялық норма.

1998 жылғы 2 қазан

(“Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заң жобасы бойынша)

Уважаемый Председатель! Уважаемые коллеги! Уважаемые приглашенные! В Конституцию Республики Казахстан я призываю внести следующие изменения и дополнения.

Первое. В статье 41, пункт 1 слово “пять лет” заменить словами “семь лет”.

Второе. Пункт 2 статьи 42 изложить в следующей редакции: “Присяга приносится в течение одного месяца со дня опубликования итогов выборов Президента Республики Казахстан в присутствии депутатов Парламента, председателя и членов Конституционного совета, судей Верховного Суда, а также всех бывших президентов”.

Третье. Пункт 5 статьи 51 изложить в следующей редакции: “Считается избранным кандидат, набравший более 50 процентов голосов избирателей или выборщиков, принявших участие в голосовании по одномандатному территориальному избирательному округу или на совместном заседании депутатов всех представительных органов, соответственно, области, города республиканского значения, столицы республики.

В случае, если ни один из кандидатов не набрал указанного числа голосов, проводится повторное голосование, в котором участвуют два кандидата, набравшие большее число голосов. Избранным считается кандидат, набравший большее число голосов избирателей или выборщиков, принявших участие в голосовании.

Десять депутатов, избранных в Мажилис на основе партийных списков, распределяются среди политических партий, которые набрали не менее 5 процентов голосов избирателей, принявших участие в голосовании.

Выборы в Сенат считаются состоявшимися, если в голосовании приняло участие более 50 процентов выборщиков”.

Четвертое. Пункт 1 статьи 91 дополнить словами: “если Президент республики отклоняет предложение Парламента о вынесении на республиканский референдум изменений и дополнений в Конституцию, то Парламент вправе большинством, не менее чем четвертью пятых голосов от общего числа депутатов каждой из палат, принять Закон “О внесении изменений и дополнений в Конституцию”. В таком случае Президент республики подписывает этот закон или выносит его на республиканский референдум.

Последнее. Пункт 1 статьи 94 дополнить словами: “с согласия Президента Республики Казахстан настоящий срок полномочий Президента республики может быть сокращен постановлением Парламента, принятым на совместном заседании обеих палат”. В таком случае Мажилис

Парламента в месячный срок назначает выборы Президента Республики Казахстан.

Поддерживаю предложения Президента в целом. В то же время мы просим рассмотреть и наши предложения в увязке с предложениями Президента. Этот блок предложений можно принять.

Я просил бы Вас, Омирбек Байгельдиевич, довести наши соображения до Президента. И просим Вас организовать встречу Нурсултана Абишевича с депутатами Сената до 7 октября, например в понедельник, чтобы провести откровенный разговор, обмен мнениями по поводу рассматриваемых сегодня острых проблем.

Свои предложения в письменном виде я передам в головной комитет. Благодарю за внимание.

1998 жылғы 26 қараша

(Мемлекеттік құпиялар туралы және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы заң жобаларын сарапта салғанда)

Құрметті Төраға, әріптестер!

Көптен бері Заң жобасын ұсынушы мырзаның майын тамызып, ана тілімізде баяндағанын көріп, естіп, айызымыз да қанды, құлағымыздың құрышы да қанды дер едім. Елубаев Баукеңе ықыласымызды білдіріп, рақмет айтып, Заң жобасын толығымен дауысқа қоюды ұсынамын.

...Құрметті Төраға! Қасымов әріптесімнің ұсынысы дұрыс деймін. Себебі, елге жақсы болу үшін, сол қалыптасатын жағдайды осы бастан бастауымыз керек. Айтайын дегенім, өзімізді өзіміз көкіректен теппегеніміз жөн. Сондықтан, ұсыныс орынды. 12-бапқа қайтадан оралуымыз жөн деп есептеймін.

Екінші. Айтылмаса сөздің атасы өледі. Мен қазақ тілінің маманы емеспін. Біздің бір Сенаттың өзінде кім көп — жазушы көп. Бірақ, екі заңгер үш түрлі ұсыныс айтса, біздің екі жазушы он бес түрлі сөз айтады. Мұны дұрыстап жүрген Терминком жоқ. Немесе “азат жол” дегенді, елуден асқанша менің құлағым бірінші естіп отыр. Мектепте — “жаңа жол” болған — “новая строка”. Ал “азат жол” деген — “свободная строка” деген сөз. Бұл қайдан шыққан сөз? Мен осыны түсінбеймін. Сондықтан мына сөзді қайтадан, біздің Сенаттың аудармашыларына аманат есебінде тағы да түсініссін, тағы да білсін деп қайтаруымыз керек.

“Ана тілі” дейтін газет бар. Біздің Қазақстанда олардан басқа білгіштер жоқ сияқты. Солардан алып алған да, бізге келген. Ауылдың қазақтары мына заңды оқыса — “азат жол” дегенді мен білмеймін деп бәрімізге күлетін болады. Сондықтан біздің аудармашылар қайтадан қарауы керек деп есептеймін. Өйткені біз мұны күнде пайдаланып жүрміз ғой.

1998 жылғы 3 желтоқсан

(“1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы” Заң жобасы бойынша,

Құрметті Төраға! Құрметті әріптестер! Осы Сенатқа келіп жүрген талай басшыларды көріп жүрміз. Талай министрліктің, ведомствоның басшыларын. Ішінде — бойшаңы да бар, толығы да бар, адуындысы да бар, үнемі ыржындап күліп жүретіні де бар, төмен қарап жүретіні де бар.

Менің байқағаным, үнемі күле алмай, көңілсіздеу жүретін, сосын да ұнжырғасы түсіп, жауап берген сайын соққы жейтін осы министр. Өйткені, сұрайтын емес, беретін министрлік. Алақан жайғанның бәріне жомарттық көрсетуге қалтасы саяз, тұрмысы көтермейді.

Сондықтан, Сауат Мұхаметбайұлы, менің Сізден өтінішім, не болса да жарқырап, кім болса да тура қарап, адуын жауап беру – Сізге әбден жарасады.

Ал әріптестерімнен сұрайтыным, ыңғайы осы екен деп, реті келе қалды деп, қаржы министрлігінің басшысын, министрді желкелей бергенше, мынау сұрақтың бәрін тоқтатып, салыстырмалы кестеге көшсек деген ұсынысымыз бар.

* * *

Для каждого патриота Казахстана проблема Арала была и будет острой, кровоточащей болью. Вспоминая Арал, всегда вспоминаешь одеревеневшее и рано постаревшее лицо матери, которая своим скованным движением старается укрыть младенца от песчаного ветра и изнурительного солнца. Не случайно первыми на Аральскую трагедию откликнулись люди с тонким чувством – это были поэты. Мухтар Шаханов поднял эту проблему и силой своего пера донес голос умирающего Арала до каждого доброго сердца, живущего не только в Казахстане, но и во всем мире.

На призыв откликнулись многочисленные казахстанцы. Одновременно в 1994-1995 годы было создано около 19 благотворительных фондов в поддержку аральцев, проведен республиканский благотворительный телевизионный марафон.

Вся международная общественность откликнулась на социальную боль жителей Приаралья. Бесчисленное множество ученых, в том числе и наших, ринулись для научного исследования экологически кризисной зоны. Целью их было на основе всестороннего анализа создать Программу поддержки, в том числе просчитать необходимую материальную помощь для поддержания здоровья населения.

Но, к сожалению, со временем приходится констатировать, что это была временная кампания, шумиха для

популяризации отдельных личностей, демонстрация великой мнимой гуманности.

Иначе, как понимать то, что проблема остается не снятой. Уровень жизни населения ни на йоту не изменился. К тому же, из года в год он систематически снижается. А меры, принимаемые для поддержки детей, стариков и инвалидов Арала, затухают, как отгоревшая свеча. К примеру, вот выдержка из письма акима Кызылординской области:

“ В соответствии с постановлением Правительства РК от 25.09.99 года №1452 “ О проекте Закона Республики Казахстан “ О субвенциях и бюджетных изъятиях” размер субвенций, выделенных из республиканского бюджета в бюджет Кызылординской области, с 3252,7 млн. тенге в 1999 году резко снижен до 2402,7 млн. тенге в 2000 году и до 1471,8 млн. тенге в 2001 году.

Непонятна причина такого уменьшения субвенций при существующих темпах инфляции.

Как расценить этот предлагаемый для обсуждения, законопроект, который отодвигает в далекую перспективу — (по предложениям Правительства) до 2005 года реализацию корневых статей и пунктов Основного Закона.

Задев хотя бы один из них, мы можем погубить все дерево.

Спасибо нашим коллегам из Мажилиса, которые всей силой депутатского авторитета сократили искомый срок до 2003 года.

В связи с этим я хочу разобраться и с арифметикой нашего Министерства финансов, которое манипулирует цифрами, как помидорами на базаре. Но разница большая. Например, в пояснительной записке к рассматриваемому законопроекту среди причин, приостанавливающих действия важных положений, было отсутствие требуемых 1 млрд. 226 млн. тенге. Но не прошло и месяца, как эта цифра, со слов заместителя министра финансов, как гора выросла до 2 млрд. 451 млн. тенге. Точнее сказать в 2 раза.

Где же все-таки реальная цифра? Почему за столь короткий срок выросла цена этих трех статей. Непонятно, то ли прибавилось население, то ли цены взвинтились в два раза, то ли подорожал бензин или доллар, или еще что-то?

Правительство пытается смягчить решение вопроса отсылкой на принятие в будущем закона “Об адресной социальной помощи малоимущим”. Отсюда возникают закономерные вопросы: “Когда будет принят этот закон? Какие виды льгот и поддержек будут гарантированы? На сколько продлится действие Закона?”

По своей практике знаю, что выявление, расчет и предоставление адресной помощи займет по хронологии не менее года. А за это время, как говорят казахи: “Либо вол помрет, либо арба развалится”.

Следующим аргументом в защиту предлагаемого законопроекта, оказывается, является небольшой бюджет Кызылординской области — всего 5 млрд. 316 млн. тенге, который не может покрыть даже части затрат, требуемых для населения.

Но ведь, дорогие друзья, разве это беда только Кызылординской области, а не всего Казахстана?

Окажись живыми Абай или Махамбет, они бы беспощадно осмеяли бы тех, кто остается черствым и безразличным к страданиям своих сограждан и силой своего духа подняли бы на помощь весь народ независимого Казахстана.

Почему-то сегодня со слов Правительства мы вдруг стали такими слабыми и беспомощными, что пытаемся урвать последнюю надежду у людей, без того обиженных природой.

Если отнять у этой категории граждан Казахстана:
бесплатное приобретение лекарств;
бесплатный проезд на городском транспорте;
сдиновременные денежные компенсации;
внеочередное бесплатное обеспечение путевками;

отдельные льготы по коммунальным услугам, то какова же будет дальнейшая судьба народа?

Я житель этого края, очевидец, человек, который побывал почти во всех его уголках, но не встречал ничего подобного.

В связи с усыханием моря увеличилась амплитуда колебания летних и зимних температур на 1,5-2°C, суше стал воздух, сократился безморозный период, а это, в свою очередь, сказывается на продуктивности сельского хозяйства.

С пустынного моря поднимаются десятки миллионов тонн соленой пыли. Это приводит к сильному загрязнению и росту солености поверхности водоисточников.

Интенсивное обмеление Арала усиливает процессы континентального засоления вод в Аральском и Казалинском районах.

Водообеспечение городов и рабочих поселков области хуже других районов республики.

Область по состоянию здоровья населения превышает средние отрицательные показатели по республике: по смертности детей — в 1,5 раза, кишечным заболеваниям — в 1,3 раза, раку желудка в 2,9 раза. К тому же это — единственная в Казахстане область, где обнаружена чума.

Средняя продолжительность жизни населения не достигает пенсионного возраста.

Не случайно на заседании Мажилиса наш коллега Бельгибаев Е. неустанно просил ответить Министра на вопрос: “Сколько в Кызылординской области пенсионеров?”. По существу, люди не доживают до пенсионного возраста.

Нельзя забывать о космодроме, который находится в этой зоне. Обещанные компенсации ни со стороны России, ни от нашего Правительства население в полном объеме не получает.

В завершение я бы хотел просить Вас, уважаемые депутаты, поддержать решение Головного комитета и отклонить предлагаемый законопроект.

А вас, уважаемые члены Правительства, от имени многомиллионного народа, живущего в зоне Приаралья, согласиться с этим решением. Цена вопроса выше, чем обсчитал господин заместитель министра, эта цена определяется жизнью людей.

Закон принят — и его должны исполнять.

К тому же, Закон был принят всеми нами, а не унаследован другим составом депутатов и Правительства.

1998 жылғы 9 желтоқсан

(“Босқындардың мәртебесі туралы Конвенция мен босқындар мәртебесіне қатысты Хаттамаға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы” Заң жобасын қарау кезінде)

Құрметті төрайым! Құрметті әріптестер! Басынан тұнық ақпаған судың ақабасының лай болатыны қандай ақиқат болса, осы келісімді дайындауға қатысқан үкіметаралық комиссиядағы шетінен намысы жоқ, қандары сарғайып кеткен, пайымсыз, қазақстандық азаматтардың келісімпаздығының нәтижесі осы. Кезінде тізгінді беріп қойып, бізді бүгін текетіреске салып қойған да солар.

Сабыр Ахметжанұлы айтқандай, арендаға ал, бірақ осы жердің заңымен жұмыс істеуге болмас па? Енді айтар әңгіме көп, іште қайнап жатыр. Оның бәрін сыртқа шығарайын десең, тіпті “аллергия” болып кетуіміз мүмкін. Түптеп келгенде бір мәмілеге келсек.

Білмеймін мен, Россияның бюджеті бір айда біте қоя ма, әлде бірінші тоқсанға созыла ма? Қайрекеңнің сөзі бар, оны біздің сенатор Сейдуалиев мырза айтты. Ол үшін, Парламенттің әр комитетінен, Мәжілістен де, Сенаттан да бір депутаттан екі-үш адам, агенттіктен, Россияның Мемлекеттік Думасымен келісіп, Россия жағынан депутаттар, мамандармен толықтырылып, бір жақсы комиссия құрылса, Байқоңыр космодромына барып терен,

жан-жақты қарап, қала тұрғындарымен кездесіп, пікір алысып, қорытындысын Парламентте Бойқоңырдың басшыларын қатыстырып, Парламенттік тыңдау өткізсе. Сосын барып Президентке нақты ұсыныс берілсе, меніңше, дұрыс болар еді. Өйткені, бұл әңгіме бүгін басталды. Бүгін, тіпті бұл Заң жобасын біз қабылдағанның өзінде де бұл біте қоятын мәселе деп ойламаймын.

“Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы туралы” баяндама жасаған Премьер-министр Қ.К.Тоқаевқа сұрақ

Құрметті Қасымжомарт Кемелұлы!

Баяндамаңызда Үкіметтің Зейнетақы реформасын дамытуды жалғастыратындығы және оны іске асыру үшін қажетті өзгерістер енгізілетіндігі айтылған.

Сұрақ. Сонда қалай, зейнеткерлікке шығуды ер кісілерге 65, әйелдерге 60 жасқа ұзарту ойларыңызда бар ма?

Осы күдігіме не дейсіз?

Белгілі жайт. Мәдениет, білім т.б. руханият, адами мекемелерді оңтайландырамыз деп өзіміз де біршама ықшамдалып қалдық. Осындай жағдайда өркениетті қоғам жөнінде не айтуға болады. Әсіресе мәдениет қайда бара жатыр?

1999

1999 жылғы 27 қаңтар

(“Байланыс туралы” Заң жобасы бойынша министр С.М. Бүркітбаевқа сұрақ)

Серік Мінәбарұлы! Ұлттық оператор туралы бап Үкіметтің нұсқасында атыменен жоқ. Ол тек Мәжілісте пайда болыпты. Оған Үкіметтің негіздемесі керек емес пе?